Шынымен де, дос-көңілдің күмбезі. Дос адам жанының байлығы, дос бұл сенің қайғы-да. да, қуанышта да жанынан табыла білетін сенімді серігің. Әр адам жан дүнисінің ішінде өзінің ақтарылып айтқысы келетін бір мұңы, құпиясы болады. Ал, сол құпияны тек жанындағы адал досың түсініп, қолдау бере алады. Міне, осы бір „сыр сандық" өлеңіндегі нечізгі ой сені тыңдай білетін, қиын күнде жанынан табыла білетін, сыр сандық тетігін аша алатын сенімді серігің болу керегін баяндайды. Ең бастысы айтылған сырды сақтай білу қажет. Ақын достықты нұлы шатқалға, құзды шыңға теңеп бізге жерлеп жеткізіп отыр. Алтын сарай-шын достыққа нағыз дос ие болады дегенді айтады. Сұлу пернелер адам бойындағы жақсы, жағымсыз қасиеттер. Сәкен адамның көңіл-күйін, сырын, түспалдай жырлар, оны биік таудың басындағы кілтеулі сыр сандыққа балайды. Сол сандықта әркімге аша бермеу қажет бұл адам баласын бақытсыздыққа әкелетіні айдан анық. Жалпы, адам өмірінде дос және жолдас деген екі ұғым бар. Біз сол екі ұғымның ара-жігін ажыратып, танып білуіміз қажет. Дос бұл сенің жоғарыда айтқандай қиындықта жанында табылатын, қуанышта бірге ортақтасатын, оның жанын да қалай барсың солай ашыла алып, сені бар болмыспен қабылдайтын сенімді серігің.

Ал, жолдас бұл өз аялдамасынан түсе қалатын, бір-біріне берер пайдасы біткен соң, аса қатты араласа алмайтын адам. Әрине, достық арасында түсініспеушілік сынды жағдайлар болып тұрады. Бірақ, бір-біріне айтылған, сырды, берілген уәдені сақтай білу қажет. Түсініспеушілікті ақылмен шешіп, саралай білу қажет. Достық берікті болмайтын нәрсе үшін бұзып алатын жайттарда болады. Сол берілген сынақты жеңе білген достар ғана достықтың ең биік шыңына жете алады.

Абай атамыздың айтуынша, „Жаман дос-көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың".

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ